

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Желмен жарысқан Кабирхан!

ЖАРИЯЛАНДЫ
01.02.2024СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/148449/

Қазақтың туын көтеріп, байқауларға қатысып, ел даңқын асқақтатып жүрген азаматтар қаншама! 2024 жылдың басын бәйгемен ашқан Кабирхан, Дубайда өткен жарыста 13 тұлпарды артына қалдырып, екінші айналымда мәреге бірінші болып жетті. Ең қызығы жылқы «Таза тұқымды Англия» екен. Ол 1 минут 57 секундта мәре сызығын кесті. Бұл көрсеткішке көрермендер таңғалып, Кабирханға қошеметін көрсетті.

Бас жүлдені алған Кабирхан 2021 жылы дүниеге келіп, Алматы қаласында өз мансабын бастаған. Ал қазіргі таңда елдің туын көтеріп, әлемдік байқауларда топ жарып жүр! Алдағы жарыстарда оған сәттілік тілейміз!

ҚМ АА Куәлік нөмірі: KZ45VPY00102718 — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.